

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Дән» бөбекжайы

Топ «Қарлығаш» кіші

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) ақпан 2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
<u>Ақпан</u>	Дене шынықтыру	<p>Жүру. Заттардан (биіктігі 10 15сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту.</p> <p>Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Әртүрлі заттардың арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен) еңбектеу.</p> <p>Домалату, лақтыру. Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.</p> <p>Секіру. 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Алға және екі жаққа еңкею.</p> <p>Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу.</p>

		<p>Қимылды ойындар. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p>Сөздік қор. Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю)</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау,</p>
	Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.
	Сенсорика	Түрлі көлемдегі геометриялық

		фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
	Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
	Жапсыру	Фланелеграфта үйлерді орналастыру.
	Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.
	Музыка	Музыка тыңдау. Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Ән айту. Жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.
	Қоршаған ортамен танысу	«Мен» бейнесі. Өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді

		<p>атау, оларды суреттерден тану.</p> <p>Көлік. Көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу.</p> <p>Табиғат әлемі. Андармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>
--	--	---